БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БӨРЛІ АУДАНЫ
АҚСАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА АКСАЙ
БУРЛИНСКОГО РАЙОНА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

19.03.2026 ж. № 25-Ө

Ақсай қаласы

город Аксай

«Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (қызметтерді) жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41-бабының 4-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының 475-тармағына сәйкес:

1. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізуді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес келесі қызметтерін сатып алу үшін ұйымдастыру:

1) Kia Sorento маркалы қызметтік автокөлікті ағымдағы жөндеу;

2) БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласында рұқсат етілмеген тасталған қатты қоқыс, құрылыс қоқыстар және ірі тұрмыстық қалдықтарды тазалау және шығару;

3) БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласындағы бағдаршам нысандарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау;

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізуге жауапты тұлға Ақсай қаласы әкімі аппаратының экономикалық жоспарлау бөлімшесінің басшысы Салтанат Талаповна Марекеноваға "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, жеткізушіні анықтасын және өнім берушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберсін.

3. Осы өкім қол қойылғаннан бастап күшіне енсін.

Ақсай қаласының әкімі **А. Баяндыков**

0097